БЕКІТЕМІН
М.Қозыбаев атындағы
СҚМУ-дың ректоры
_____ С. Өмірбаев
«__» _____ 2017 ж.
(өзгертулермен және
толықтырулармен 27.06.2019ж.)

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
2017 – 2019 жылдарға арналған
КАДРЛЫҚ САЯСАТЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК 2017-2019 жылдарға арналған кадрлық саясаты (ары қарай – СҚМУ кадрлық саясаты) «М. Қозыбаев атындағы СҚМУ» ШЖҚ РМК дамуының 2016-2019 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес әзірленді және М. Қозыбаев атындағы СҚМУ стратегиялық мақсаттары мен миссиясын жүзеге асыруға бағытталған кадрлық басқарудың негізгі бағыттары мен жолдары болып табылады. Кадрлық саясаттың жүзеге асырылуының табысы университетті басқарудың барлық деңгейлерінде адам ресурстарының жоғары экономикалық маңыздылығын оның стратегиялық потенциалының маңызды құрамы ретінде танылуына байланысты.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ кадрлық саясаты қызметкерлерді басқару аясында университеттің құндылықтар жүйесін мен бірыңғай тәсілдеме жасауға мүмкіндік берген қызметкерлермен жұмыс аясындағы үздік тәжірибені ескере отырып, кадрлық басқарудың құралдары мен әдістерін және қолда бар тәсілдерді жинақтауға арналған.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ кадрлық саясатының негізіне келесі қағидалар алынған:

- **Жасақталу –** қызметкерлерді басқару әрекетінің барлық аясын қамту.
- **Жүйелік** – саясатты құрайтын барлық элементтерді өзара байланыста қарастыру.
- **Негізділік –** ең жоғарғы экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қызметкерлерді басқару аясында заманауи ғылыми әзірлемелерді пайдалану.
- **Тиімділік -** қызметкерлерді басқару аясындағы іс-шаралардың шығындары нәтижелермен толығуы тиіс.
- **Ашықтық** – басқару үрдісінің барлық кезеңдеріндегі ашықтық.

- **Меритократия** – басқару қағидасына сәйкес жетекші лауазымдарда әлеуметтік шығу тегі мен қаржылық ауқатына қарамай қабілетті адамдар қызмет атқаруға тиіс.

СҚМУ кадрлық саясаты келесі негізгі жолдарды анықтайды:

Қызметкерлер құрамы оның оңтайлы пайдаланылуын, сапалы дамуын қамтамасыз ету және жоспарлау жағдайында бәсекелі артықшылықтар мен көшбасшылық позицияларды қамтамасыз ете алатын адам ресурсы ретінде қарастырылады.

Қызметкерлер құрамы оның корпоративтік мәдениеті мен құндылықтарын ұстанушы болып табылады және Университеттің аймақтық, мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі әрекеттеріне жұртшылықтың сенімді қатынасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Адамдық ресурс бәсекелестік күрес барысында жинақталған материалдық емес актив ретінде, ал қызметкерлер құрамына шығындар – университеттің дамуына ұзақ мерзімді инвестициялар ретінде қарастырылады.

Әр қызметкердің М. Қозыбаев атындағы СҚМУ стратегиялық мақсаттарға жетуіне енгізген үлесіне сәйкес әлеуметтік, материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Әр қызметкермен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарын сақтауға негізделген және бар кәсіби біліктілік деңгейін толық жүзеге асыруға, сондай-ақ оны Университеттің қажеттіліктеріне және қызметкердің лауазымдық өкілеттілік деңгейінің талаптарына сәйкес жетілдіруге мүмкіндік беретін еңбек қатынастарын орнату.

Кадрлық саясатты жүзеге асыру ең алдымен қызметкерлер құрамын ынталандыру мақсаттарында қарастырылған құралдарды қолдана отырып, қызметкерлер құрамын басқаруға жауап беретін бөлімше жетекшілерінің жауапкершілігін қарастырады.

Осы кезде қызметкерлерді басқару бойынша қызметтің функциялары бірыңғай кадрлық саясаттың жүзеге асырылу үрдісіне жалпы басшылықты жүзеге асыру, кадрлық әкімгерлендіру қызметтерін ұсыну, нәтижелі HR-құралдарын әзірлеу, кәсіби кеңес беру көмегін көрсету болып табылады.

Нормативтік реттеуші құжаттар мен процедуралар, әдістемелік жолдар, ақпараттық және технологиялық қолдау жүйелері, қызметкерлерді басқару жүйесінің басқа да қажетті компоненттері нақты кадрлық саясаттың негізгі құрама ережелерінен тізіледі және әзірленеді.

Кадрлық саясатты бірыңғай форматта жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында университет бойынша кадрлық аудит ұдайы жүзеге асырылатын болады.

2. 2017-2019 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КАДРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ кадрлық саясаты университет бойынша үздік корпоративтік тәжірибе аясында қызметкерлер құрамымен жұмыста бірыңғай жолдарды қамтамасыз етуді қарастыратын алдыңғы қатарлы корпоративті мәдениетті кәсіпорынның статегиясын жүзеге асыруды тиімді кадрлық қолдауға бағытталған.

Қызметкерлер құрамының сапалы және сандық көрсеткішіне негізделетін бәсекелестік ортада озаттықты қамтамасыз етуге бағытталған адам ресурстарын басқару жүйесін жасау арқылы қызметкерлерді басқарудың нәтижелілігін жоғарылату **Университеттің кадрлық саясатының негізгі мақсаты** болып табылады.

Қызметкерлерді басқару жүйесі Университеттің нәтижелі жұмысын қамтамасыз етуге және стратегиялық тапсырмаларды жоғары біліктілік деңгейде орындауға мүмкіндік

беретін тиімді ынталандыру механизмдері мен заманауи HR-технологияларды қолдануға, адам ресурстарын негізді және оңтайлы жоспарлауға негізделген болуы керек.

1) Кадрлық саясатты жүзеге асыру жөніндегі негізгі концептуалдық тапсырмалар:
2) Бірыңғай форматтағы кадрлық саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
3) Кадрларды оңтайлы орналастыру және тиімді пайдалану, Университеттің қажеттілігін ескере отырып, кадрлық ресурстарды жоспарлаудың кешендік жүйесін әзірлеу;
4) Біліктілікті арттыру жүйесін дамыту негізінде барлық категория қызметкерлерінің біліктігін жоғарылату;
5) Еңбекке ақы төлеу жүйесін атқарылатын жұмыстың деңгейі мен күрделілігіне сәйкес келтіру;
6) Қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартуды және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру қызметкерлердің сандық және сапалық құрамын Университеттің қажеттілігі мен қолданыстағы заңнамалардың талаптарына сәйкес келтіру мен жаңару үрдістерінің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз етуі керек.

3. АДАМ РЕСУРСТАРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Солтүстік Қазақстан облысының ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылады. Университет қызметкерлерінің саны 1000 адамға жуық, олардың 50% білім беру үрдісіне тартылған «Профессорлық-оқытушы құрам» және «Оқыту-көмекші құрам», 15% - «Әкімшілік-басқарушы құрам», 35% - «Қызмет көрсетуші құрам».

Қызметкерлердің ең үлкен үлес салмағы жасы 25-тен 49-ға дейінгі топты құрайды, ол қызметкерлер құрамының 59%. Университет қызметкерлерінің орташа жасы 44-ті құрайды.

Қызметкерлер құрамының 71% әйелдер, әйелдер мен ер адамдардың осы қатынасы кәсіпорынның жұмыс ерекшелігімен байланысты. Басқарушы лауазымдағы әйелдердің пайызы 68 құрайды.

Қызметкерлер құрамының тұрақтамауы 12% (негізінен қызмет көрсетуші құрам).

Профессорлық-оқытушы құрам университеттің өте маңызды адамдық ресурсы болып табылады. Оның әлеуеті келесі көрсеткіштерде байқалады: жалпы штат саны 457 бірлік, сандық құрамы – 386 адам, оның ішінде: ғылым докторлары – 14, олардың орташа жас шамасы 64-ке тең; PhD докторлары – 3 адам, олардың орташа жасы 29-ға тең; ғылым кандидаттары – 139 адам, орташа жасы – 52-де; магистрлер – 152 адам, орташа жасы – 40-та; дәрежелері жоқ оқытушылар – 78 адам, орташа жасы – 40-та. ПОҚ-тың жалпы сандық құрамының орташа жасы 45-ке тең.

Келтірілген талдау кадрлық потенциалдың төмен деңгейін көрсетеді, бұл жоспарланған бастамашылықтарды енгізуге және университеттің адамдық ресурстарды басқарудың сапалы жаңа деңгейіне шығуына негіз болып табылады.

Университет жұмыс істеген жылдарда кадрлық менеджмент бірқатар өзгерістерге ұшырап, дамыды. Бұрын бұл тек қана кадрлық құрамды есепке алу болса, қазіргі таңдағы талаптар қызметкерлер құрамына деген қатынасты өзгерте отырып, дамуда.

Университеттің ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны өзгерген, қызметкерлер құрамын басқаруға, мақсаттар мен тапсырмаларды анықтауға, солардың негізінде оқыту және дамыту қажеттілігі анықталатын әрекеттер нәтижелілігінің табыстарын бағалауға

мүмкіндік беретін HR-әрекетінің барлық бағыттары бойынша нормативтік реттемелеуші құжаттар әзірленіп, енгізілген 2012 жыл өзгерісті кезең болды.

Қазіргі таңда қызметкерлер құрамына ұйымның стратегиялық ресурсы ретіндегі, басқаша айтқанда осы ресурсты бақылау, бағалау және жоспарлау дағдыларын қамтамасыз ететін қатынасты өзгертуге міндетті нормативтік реттемелеуші құжаттарды жасауды бастау және енгізу қажеттілі туындады. Осы кезде оның қаржылық, материалдық-техникалық және басқа ресурстарға қарағандағы өзіне тән ерекшеліктерін қатаң ескеру қажет, себебі адамдық ресурсқа оның үздіксіз дамуы мен ынталандырылуы қажет. Осы кезеңде адамдық ресурстарды басқаруды әлемнің үздік тәжірибелеріне жақындатуға міндетті бірқатар жобалар жүзеге асырылады.

Кейбір жағдайларда барлық жұмысты кадрлық іс жүргізуге және қысқа мерзімді оқытуға әкелетін, ал кадрлық жоспарлау тапсырмаларын, кадрлық потенциалдың бағалануын, қызмет құрамын ынталандыруды шешпейтін кадрлық менеджменттің бұрынғы құралдарын қазіргі уақытта қайта қарастыру қажет.

Алдағы кезеңде шешілуі тиіс кадрлық саясаттың аясындағы бірнеше мәселені атап өтуге болады:

1. Қызметкерлер құрамы мен санының университеттің міндеттеріне, жұмыс көлемдеріне сәйкессіздігі.
2. Басшы қызметке кадрлық резервті жасақтау және мансаптық өсуді басқару жүйесінің жетілдірілмегендігі.
3. Профессорлық-оқытушы кадрларының қажеттілігін болжаудың, кадрлық потенциалды талдаудың жеткіліксіз деңгейі.
4. ПОҚ және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жоспарлаудың жеткіліксіз нәтижелілігі.
5. Біліктілікті арттыру нәтижелерін бағалау жүйесінің жеткіліксіз деңгейі.
6. Қызметкерлер құрамының бейімделу жүйесінің жеткіліксіз деңгейі. Жас оқытушылар мен қызметкерлердің сынақ мерзімін өтуі негізінен ресми түрде орын алады. Тәлімгерлер институты дамымаған.
7. Қызметкерлер құрамы жұмысының тиімділігі мен нәтижелеріне мониторинг жүйесінің жоқтығы.
8. Ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың орташа жасының өсуі.
9. Университетте жоғары білікті мамандарды орнықтыруға және тартуға септігін тигізетін қызметкерлерді әлеуметтік қолдау және еңбекке ақы төлеу жүйесінің жетілдірілмегендігі.
10. Университет қызметкерлерінің жеткіліксіз әлеуметтік қорғалуы.
11. Жас мамандардың келуінің жеткіліксіз деңгейі.
12. Бөлімше жетекшілердің кадрлық мәселелерді шешуге қатысуының жеткіліксіз деңгейі.
13. Мемлекеттік тілді меңгерудің әлсіз деңгейі.
14. Өзінің қызметтік және лауазымдық міндеттерін сапалы орындауға қызметкерлердің төмен ынтасы.
15. Басқарманың орта буын жетекшілері біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі.
16. ПОҚ және қызметкерлердің орындаушылық тәртібінің төмендігі.

2017-2019 жылдарға арналған университеттің кадрлық саясатын жүзеге асыру көрсетілген мәселелерді аластатуға және университеттің адамдық ресурстарын басқаруды сапалы жаңа деңгейге шығаруға бағытталған.

4. КАДРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

4.1. Жалдау және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету аясындағы саясат

4.1.1. Адамдық ресурстарды сапалы және сандық жоспарлаудың кешендік жүйесін енгізу

Университеттегі адамдық ресурстарды жоспарлауды кадрлық потенциал динамикасын, жас жағдайларын, кадрлардың табиғи азаюын, қосымша қажеттілікті ескере отырып, қызметкерлер құрамының қажеттілігін болжау негізінде М. Қозыбаев атындағы СҚМУ даму стратегиясына сәйкес кадрлардың кәсіптік-біліктілік құрылымын жоспарлауда көреміз.

Адамдық ресурстар жағдайының толық суретін стратегиялық деңгейде көруге мүмкіндік беретін адамдық ресурстарды сапалы және сандық жоспарлаудың бірыңғай жүйесіне барлық бөлімшелерді біріктіру **университеттегі адамдық ресурстарды жоспарлау аясындағы стратегиялық мақсат** болып табылады.

Адамдық ресурстарды жоспарлау жаңа және басым бағыт болып табылады. Осы бағытты табысты іске асыру мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылатын болады:

- Ұйым ішіндегі бөлімшелер арасындағы функциялардың қайталануын алып тастау, қызметкерлердің фукнцияларын, санын және құрамын талдау.
- ПОҚ штатына ғылыми дәрежелері бар қызметкерлерді, магистрлерді тарту.
- ПОҚ дамытудың келешекке арналған жоспарын әзірлеу.
- Мақсатты докторантурада оқыту.
- М. Қозыбаев атындағы СҚМУ базасында мемлекеттік тапсырыс негізінде докторантурада және магистратурада оқыту.
- Лауазымдық нұсқаулықтардың бірегей нысаны мен мазмұнын жетілдіру, оларды таңдау, жалдау және ауыстыру кездерінде пайдалану.
- Адамдық ресурстардың сандық-сапалық жағдайын көрсететін арнайы әзірленген нысандар бойынша деректерді жүйелі жинақтауды болжайтын оның сандық-сапалық мінездемелерін ескеріп, мамандықтарды ПОҚ қажеттілігіне бағдарлану, кадрлардың тұрақтамау деңгейін, табиғи азаюын, қосымша қажеттіліктерін ескерумен даму бағытын алғашқы үш жылға дамуын болжау.
- Кадрлық потенциалдың жағдайын ұдайы және жүйелі бағалау.
- Категориялар бойынша кадр құрамының тұрақтамауын талдау.
- Қадр құрамының тұрақтамау факторларын талдау.
- Қызметкерлердің тұрақтамауын төмендету және бейілділікті жоғарылатуға кешендік жолды әзірлеу.
- Қызметкерлер құрамының келесі категорияларының ең қажеттілерін анықтау: ПОҚ пен жоғары және орта буын менеджерлері.
- Қызмет көрсету құрамының санын анықтаудың нормативтік негізделген әдістерін әзірлеу және енгізу. Қызметкерлер құрамы санының нормативі қызмет көрсету құрамының нақты санын анықтаудың ұтымды құралы болуы қажет.
- Әкімшілік-басқарушы және оқыту-көмекші қызметкерлер құрамдарының санын анықтаудың нормативтік негізделген әдістерін әзірлеу және енгізу.

▪ Университеттің барлық штаты бойынша бүкіл жедел ақпарат бағытталатын орталықтандырылған деректер базасын жетілдіру және үрдісті автоматтандыру.

4.1.2. Қызметкерлер құрамын таңдау және жалдау жүйесін жетілдіру

Қызметкерлер құрамын таңдау және жалдау жүйесін жетілдіру аясындағы біздің көзқарасымыз – қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес барлық үміткерлерге тең мүмкіндіктер беретін бос лауазымдарға конкурстық таңдаудың ашық процедурасы, олардың кәсіби сапаларын объективті бағалау.

Мамандарды іздеу және таңдау сапасын жетілдіру, сондай-ақ бейімделу шараларын жүзеге асыру арқылы университет қажеттіліктерін жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қызметкерлер құрамын таңдау және жалдау аясындағы бірыңғай жолдарды енгізу **2017-2019 жылдарға арналған қызметкерлер құрамын таңдау және жалдау жүйесін жетілдіру аясындағы стратегиялық мақсат** болып табылады.

Университет бойынша бірыңғай жолдарды қолдану мақсаттарында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

▪ Үміткерлердің ішкі кадрлық резервін ұйымдастыру – мансабының жоспарлы дамуы арқылы жоғары білікті және келешегі бар қызметкерлерді ұстауға бағытталған басшы лауазымдарға тағайындау үшін мамандарды іздеудің басым формасы (лауазымға тағайындалған қызметкерлерің жалпы санының 70% төмен емес), корпоративтік білімдерді, дағдыларды және икемдерді сақтау.

▪ Сыртқы конкурстық таңдаудың шарттарын міндетті және жүйелік сақтау – бос лауазымдар туралы ақпаратты университет сайтында және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, үміткерлердің резюмелерін біліктілік талаптарға сәйкестігіне талдау, таңдау процедуралары (тестілеу, әңгімелесу және т.б.) және конкурстық комиссияның (ПОҚ қатысты) немесе бөлімше жетекшісінің ұсынымы бойынша жұмыс берушімен соңғы шешім қабылдау.

▪ Бөлімше жетекшілері мен қызметкерлерді басқару бойынша қызметтің мамандарын қолданылатын жол мен келісілген сақтауды қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді таңдау машықтарына үздіксіз бірге оқыту жүйесі.

▪ Жаңа қызметкердің лауазымға жылдам енуін, жаңа ұжымдағы психологиялық шиеленісті төмендетуді, қанағаттылығын дамыту және ынтасын жоғарылатуды, университеттің позитивтік беделінің жасақталуын қамтамасыз ету мақсаттарында арнайы әзірленген бейімдеу іс-шараларды ұдайы өткізу.

▪ Ашық конкурстық таңдау және қызметкерлер құрамының бейімделу қағидаларын қамтамасыз ету үшін Ғылыми кеңес алдында қызметкерлерді басқару бойынша қызметтің жүйелі есеп беруі.

▪ Кадрлық саясат аясындағы жаңа негізгі реттеуіш құжаттарды әзірлеу және қайта қарастыру.

▪ Конкурстық негізде жұмысқа жалдау келесі санаттағы қызметкерлер үшін жүзеге асырылады: профессорлар-оқытушылар құрамы, факультет декандары, Департамент директорлары, басқарма (бөлім) басшылары.

Бос лауазым конкурсы туралы немесе жоғарыда аталған лауазымдарға конкурстық іріктеу туралы хабарландыру университеттің сайтында орналастырылады.

Профессорлар-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық іріктеу ректор бұйрығымен бекітілген М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік

университетінің профессорлар-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін лауазымдарға конкурстық тағайындау ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Факультет деканын, Департамент директорларын және басқарма (бөлім) басшыларын конкурсқа келесі тәртіпте іріктеу:

1) құжаттарды қабылдау мерзімдері, олардың тізбесі, лауазымға үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары көрсетіле отырып, лауазымға конкурс туралы ашық хабарландыру жарияланады;

2) құрамы мен ережесі ЖОО ректорының бұйрығымен бекітілетін комиссия құрылады;

3) конкурстық комиссияның бірінші отырысында үміткерлерді конкурсқа жіберу немесе конкурсқа қатысудан негізді түрде бас тарту жүзеге асырылады;

4) конкурстық комиссияның екінші отырысында лауазымға үміткерлер басшылық жасауға ниет білдірген құрылымдық бөлімшені (факультет, департамент, басқарма немесе бөлім) дамыту бағдарламасын көпшілік алдында таныстырады.);

5) талқыланғаннан кейін конкурстық комиссия жасырын немесе ашық дауыс беру жолымен: лауазымға үміткерді «ұсыну» немесе «ұсынбау» шешімдерінің бірін қабылдайды;

6) конкурстық комиссияның шешімі нақты (түпкілікті) шешім қабылдау үшін және «ұсынымдар» жағдайында тиісті бұйрық шығару үшін университет ректорына ұсынылады.

Білуге міндетті:құрылымдық бөлімше басшылары лауазымына барлық үміткерлер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (2007 ж.), «Ғылым туралы» (2011 ж.), «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» (2015 ж.), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (2015 ж.) заңдарын, ҚР БҒМ-нің 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, ҚР БҒМ-нің 2016-2019 жылдарға арналған _____ № ____ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

Лауазымдарға мынадай біліктілік талаптары белгіленеді:

1) факультет деканына:

Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің, ғылыми немесе академиялық дәрежесінің немесе дәрежесінің болуы; білім беру жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 7 жыл, оның ішінде жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымдарында кемінде 5 жыл; менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы мәліметтер (сертификат); көшбасшылық қасиеттері, командада жұмыс істей білуі және корпоративтік этика қағидаттарын сақтауы (әңгімелесу барысында анықталады).

2) Департамент директорына:

Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің, ғылыми немесе академиялық дәрежесінің немесе дәрежесінің болуы; білім беру жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымдарында кемінде 3 жыл; менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы мәліметтер (сертификат); көшбасшылық қасиеттері, командада жұмыс істей білуі және корпоративтік этика қағидаттарын сақтауы (әңгімелесу барысында анықталады).

3) басқарма (бөлім) жетекшісіне):

Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің, ғылыми немесе академиялық дәрежесінің немесе дәрежесінің болуы; білім беру жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 5 жыл; менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер (сертификат); көшбасшылық қасиеттері, командада жұмыс істей білуі және корпоративтік этика қағидаларын сақтауы (әңгімелесу барысында анықталады).

4.2. Қызметкерлер құрамының дамуы аясындағы саясат

4.2.1. Қызметкерлер құрамын оқыту жүйесін жетілдіру

Қойылған тапсырмаларды нәтижелі орындауға септігін тигізетін қажетті білімдер мен дағдыларды алу немесе дамыту үшін біліктілікті арттыру курстарын жүйелі өткізу арқылы әрбір қызметкердің кәсіби дамуына тең мүмкіндіктер мен қолдауды ұсыну **қызметкерлер құрамын оқыту жүйесін жетілдірудің негізі** болып табылады.

Қойылған тапсырмаларды сапалы орындау үшін қызметкерлер құрамын кәсіби дайындау қажеттіліктеріне белсенді түрде әрекет етуге мүмкіндік беретін М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың стратегиялық мақсаттарына сәйкес қызметкерлер құрамын оқытудың және дамытудың бірыңғай жолдарын енгізу **2017-2019 жылдарға арналған қызметкерлер құрамын оқыту жүйесін жетілдіру аясындағы стратегиялық мақсат** болып табылады.

Университет қызметкерлер құрамын оқытуға жыл сайын еңбекке ақы төлеу қорының 3%-на дейінгі мөлшерді құруы тиіс ұзақ мерзімді инвестицияны шығындауды қарастырады.

Оқытудың тиімді корпоративтік жүйесін жасау мақсатында қызметкерлер құрамын оқыту жүйесінің бірыңғай қағидаларын енгізу бойынша университет келесі іс-шараларды қарастырады:

- Қызметкердің кәсіби дамуын бағалау нәтижелерін қойылған стратегиялық және/немесе жедел тапсырмаларға жету үшін қажетті білімімен және дағдыларымен салыстыру негізінде оқыту қажеттілігін анықтау.

- Оқыту тақырыптарын анықтаумен қызметкерлердің біліктіліктерін күнтізбелік жылға арттыру жоспарын жасау.

- Біліктілікті арттыру жоспарына сәйкес оқытуды М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ҚДжБАИ, басқа жоғары оқу орындары мен ұйымдардың, соның ішінде шетелдік, базасында жүзеге асыру.

- Ғылыми тағылымдамалар, сонымен қатар, біліктілікті арттыруды өткен жұмыскерлер, ғылыми тағылымдамалар немесе біліктілікті арттыру оқуын бітірген күннен бастап кемінде 3 жыл жұмыс істеуі міндетті, соның ішінде университеттен тыс қаражаттан.

4.2.2. Қызметкерлер құрамын бағалау жүйесін жетілдіру

Қызметкерлердің тиімді нәтижелілігінің және іскери құзыреттерінің кәсіби дамуын қамтамасыз ету, стратегиялық тапсырмаларды сапалы әрі уақытылы орындауын объективті бағалаумен қызметкерлердің нәтижелі әрекеттерін басқарудың икемді ашық жүйесі **қызметкерлер құрамын бағалау жүйесін жетілдірудің негізі** болып табылады.

Стратегиялық тапсырмаларды шешуге қызметкерлердің тартылу деңгейіне сәйкес материалдық және материалдық емес ақы төлеу үшін қызметкерлер құрамының тиімділігін және кәсіби дамуын бағалаудың бірыңғай талаптарының негізінде оларды бағалаудың ашық жүйесін енгізу **2017-2019 жылдарға арналған қызметкерлер құрамын бағалау жүйесін жетілдіру аясындағы стратегиялық мақсат** болып табылады.

Осы бағытты табысты іске асыру мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- Проректорлар, Департамент директорлары, факультет декандары өкілеттік картасын қалыптастыру.

- Стратегиялық тапсырмаларға сәйкес барлық қызметкерлердің, оның ішінде басшы және басқарушы құрамның әрекеттерінің мақсаттарын жасақтау және жетістіктерін бағалаудың нақты өлшемдерін тиянақтау.

- Ұсынылатын әдіснамаға сәйкес қызметкер құрамының барлық деңгейінің кәсіби дамуы мен әрекетінің тиімділігін бағалау.

- Басшылықты және топ-менеджерлерді жеке құрамды бағалау дағдыларына, соның ішінде сапалы кері байланыспен қамтамасыз етуге үздіксіз оқыту.

- ӘБҚ басшы құрамы үшін қызметкерлердің тиімділігі бағаланатын көрсеткіштер жүйесін (KPI) енгізу.

- ӘБҚ мамандары, ОКҚ мен ҚК қызметкерлері үшін олардың тиімділігі бағаланатын көрсеткіштер (ПӘК) жүйесін енгізу.

- ПОҚ үшін олардың жұмыс тиімділігі бағаланатын рейтингілік көрсеткіштер жүйесін енгізу.

- Қызметкерлерді сыйақымен және басқа материалдық ынталандыру туралы, олардың мансабын өзгерту, оқыту мен дамыту қажеттілігін анықтау және т.б. шешімдер қабылдау кезінде қызметкерлері бағалау нәтижелерін қолдану.

- Жалпы жолдан ауытқудағы бақыланатын үрдістер мен осындай ауытқудың мүмкін салдары туралы басшылыққа уақытылы хабарлау.

4.2.3. Кадр резервін жасақтау және дамыту

Кадр резервін жасақтау және дамытудың негізі – үздік тәжірибелер мен корпоративтік дәстүрлердің сабақтастығы мен корпоративтік мәдениетті дамытуды, стратегиялық мақсаттарға жетудегі жоғары нәтижелілік пен бірізділікті қамтамасыз етуге қабілетті басқарушы кадрларды тәбиелеу мен ішкі кадрлық потенциалды ұдайы өсіру жолымен ұйымның барлық деңгейлерінде жоғары білікті, келешегі бар және жоғары нәтижелерге жетуге ынталанған қызметкерлердің болуы.

Бос лауазым пайда болған және қызметкер ауысқан жағдайда басқарушы және кәсіби позицияларға тағайындау үшін резервте тұрған қызметкерлерді ары қарай дамытумен кадр резервін жасақтау, білім алушылардың контингенті өскен жағдайда әрбір қызметкерге түсінікті ашықтықты, әділдікті және адалдықты қамтамасыз ететін кадрлық резервті таңдау және жасақтаудың бірыңғай реттеуіш механизмін енгізу **2017-2019 жылдарға арналған кадр резервін жасақтау және дамыту аясындағы стратегиялық мақсат** болып табылады.

Осы бағытты табысты іске асыру мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- Сабақтастық жоспарларын әзірлеу арқылы Ректораттың кадр резервін жасақтау.

- Резервшілерді бағалау және дамытудың бірыңғай талаптарына сәйкес әкімшілік кадр резервін жасақтау және дамыту.

- Резервшілерді бағалау және дамыту талаптарына сәйкес ПОҚ-тың кадр резервін жасақтау және дамыту.

- Ішкі кадр резервін жасақтау және дамыту.

- Резервшілерді бос лауазымдарға қарастыру және тағайындаудың бірыңғай тәртібін енгізу.

- Мансаптық өсуді басқару жүйесін жасақтау.

4.3. Еңбек жағдайларының сапасын жетілдіру

4.3.1. Еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді материалдық ынталандыру жүйесін жетілдіру

Еңбекке ақы төлеу аясындағы біздің көзқарасымыз – университеттің жалпы мақсаттарға жетуіне қызметкердің қосқан үлесін объективті бағалауға, еңбек өнімділігін арттыру үшін жеткілікті ынталандыру әсері бар үздік мамандарды тартуға мүмкіндік беретін еңбекке ақы төлеудің бәсекеге қабілетті жүйесі.

Еңбек нәтижелеріне байланысты ақы төлеу, көтермелеу және сыйақы төлеу жүйесін дамытуға бағытталған қызметкерлерге еңбек ақы төлеу, сыйлықақы беру және материалдық ынталандыру тәртібі туралы ережелерді жүзеге асыру **еңбек жағдайларының сапасын жетілдірудегі стратегиялық мақсат** болып табылады.

Ынталандыру және уәждеме механизмін әзірлеуде сыйдың келесі түрлері қолданылады:

- Тікелей материалдық сыйақы беру;
- Материалдық емес көтермелеу.

Қызметкерлермен қарым-қатынастағы еңбекке ақы төлеу сұрағының негізге алынатын мәнін ескере отырып, қойылған мақсаттарға жету үшін университет келесі іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

1. Анықталған грейдке қатыстылығы көрсетілген лауазымның қатысты салмағын, сонымен қатар қолданыстағы көлем ішіндегі жалақы деңгейінде көрсетілген қызметкердің кәсіби құзыретінің деңгейін ескеруге мүмкіндік беретін қызметкерлер құрамының еңбек ақысын төлеу үшін грейділеу жүйесін енгізу.

2. Университеттің қызығушық аясына жататын тапсырмаларды орындау мен жылдық сыйақының өзара байланысын қамтамасыз ететін басшы құрамға сыйақы беру, сыйақы мөлшерін анықтау механизмінің ашықтық және қарапайымдық, сыйақы мөлшерінің жетекшінің және университеттің тұтас әрекет нәтижелеріне тәуелділік жүйесін жетілдіру. Жыл қорытындылары бойынша басшы құрамға сыйақы төлеу үшін негізгі шарттар: алдыңғы жылмен салыстырғанда есепті жылдың шоғырландырылған қорытынды пайда көрсеткіштерінің өсуі мен қысқа және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға сәйкес келетін KPI бойынша анықталған мақсатты мәндерді орындау.

3. Ынталандыру жүйесіне қызметкерлер құрамының қанағаттану деңгейіне сауалнама өткізу арқылы ұдайы мониторинг жүргізу, ол өз кезегінде қабылданып жатқан шаралардың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Қызметкерлердің тұрмыс деңгейін жақсартуға бағытталған еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша қабылданып жатқан бастамалар туралы оларға хабарлауға мүмкіндік беретін кері байланыс.

5. Еңбек нарығындағы салыстырмалы лауазымдардың төлем деңгейлеріне мониторинг жүргізу, бәсекелестердің (HR-бенчмаркинг) деңгейімен салыстыру, университеттің еңбек нарығындағы жағдайын анықтау. Еңбекке ақы төлеудегі университеттің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін анықтау кезінде қызметкерлердің сыйақы төлемдері мен базалық сыйақының деңгейі ескеріледі.

6. Инфляция мен университеттің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып еңбекке ақы төлеу деңгейін қайта қарау.

4.3.2. Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру

Ұжымдық шарттың қағидаларымен бекітілген және құпталған жұмыс берушінің әлеуметтік жауапкершілігіне сенетін университеттің әлеуметтік тұрғыдан қорғалған қызметкері **әлеуметтік қолдаудың негізі** болып табылады.

Университеттің әлеуметтік саясаттын жүзеге асыруға корпоративтік жолдарды әзірлеу және енгізу **қызметкерлердің әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдірудің стратегиялық мақсаты** болып табылады.

Университет ұсынылатын қызметтер тізімі, қызметкердің университетке деген орынды бейілділігі мен сенімін жасақтауға мүмкіндік беретін толық суретті ұсыну мақсатында оның әлеуметтік қорғалуын жақсартуға бағытталған қабылданатын бастамалары туралы қызметкерлерге хабарлау бойынша шаралар қабылдайтын болады.

Осы бағытты табысты іске асыру мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

Денсаулық сақтау аясында:

- жұмыс үшін жайлы жағдайларды жасау және барлық жұмыс орындарында санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- қызметкерлерге кезеңдік медициналық байқаулар өткізу.

Қызметкерлерге әлеуметтік жеңілдіктер пакетін ұсыну аясында:

- қызметкерлерге материалдық көмек пен әлеуметтік жеңілдіктердің басқа түрлерін ұсыну жүйесін жетілдіру.

Салауатты өмір салтын ұстану және дамыту аясында:

- өз қаражаттарын қолданумен қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын жүйелі насихаттау және профилактикалық медициналық іс-шараларды өткізу.

Тұрғын үйді қолдау аясында:

- корпоративтік тұрғын үй бағдарламасын әзірлеу, оның ішінде қызметкерлер үшін пәтерлер мен жатақханалар салу;
- қызметкерлердің жатақханаларда тұруына жайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

Зейнеткерлерді қолдау аясында:

- жұмыс істемейтін зейнеткерлерді қолдаудың корпоративтік бағдарламасын әзірлеу (кеңес берушілер, сарапшылар және т.б. ретінде тарту);
- моральдық-психологиялық қолдау көрсету мақсаттарында университетпен өткізілетін салтанатты және мерекелік іс-шараларға жұмыс істемейтін зейнеткерлердің қатысуын ұйымдастыру.

Қызметкерлерді материалдық емес көтермелеу аясында:

- университет қызметкерлерін марапаттау жүйесін ары қарай жетілдіру, мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттауға ұсыну. Талдау нәтижелері бойынша үздік қызметкерлер наградаларға ұсынылады. Білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі, жоғары жетістіктері мен сіңірген еңбегі үшін қызметкерлер мен ардагерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ведомстволық наградаларымен, Ректордың құрмет грамотасымен, Ректордың алғыс хатымен, құнды сыйлықтармен марапатталуға ұсынылады.

Кадрлық саясат М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың ректоратымен 2017 жылдың 10 қаңтарында бекітілді, №9 хаттама.

КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА
Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева на 2017-2019 года

1. ОБЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ

Кадровая политика РГП на ПХВ "Северо-Казахстанского государственного университета имени Манаша Козыбаева" на 2017-2019гг. (далее – Кадровая политика СКГУ) разработана в соответствии со Стратегическим планом развития РГП на ПХВ "СКГУ им. М. Козыбаева" на 2016-2019гг. и представляет собой основные направления и подходы кадрового управления для реализации миссии и стратегических целей СКГУ им. М. Козыбаева. Успех реализации кадровой политики во многом зависит от признания на всех уровнях управления университета высокой экономической значимости человеческих ресурсов, как важной составляющей его стратегического потенциала.

Кадровая политика СКГУ им. М. Козыбаева призвана объединить существующие подходы, наработанные методы и инструменты кадрового управления с учетом лучшего опыта в области работы с персоналом, позволив, таким образом, сформировать единый подход и выработать систему ценностей Университета в области управления персоналом.

В основу Кадровой политики СКГУ им. М. Козыбаева заложены следующие принципы:

- **Комплексность** – охват всех сфер деятельности управления персоналом.
- **Системность** – рассмотрение всех составляющих элементов политики во взаимосвязи.
- **Обоснованность** – использование современных научных разработок в области управления персоналом, которые могли бы обеспечить максимальный экономический и социальный эффект.
- **Эффективность** – затраты на мероприятия в области управления персоналом должны окупаться результатами.
- **Открытость** – прозрачность на всех этапах процесса управления.
- **Меритократия** – принцип управления, согласно которому руководящие посты должны занимать наиболее способные люди, независимо от их социального происхождения и финансового достатка.

Кадровая политика СКГУ определяет следующие основные подходы:

- Персонал рассматривается как человеческий ресурс, способный обеспечить конкурентные преимущества и лидерские позиции при условии его планирования и обеспечения его оптимального использования, качественного развития.
